

«ЕЛБАСЫ. ЖАСТАР. ЖАСАМПАЗДЫҚ» ЖОБАСЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Елбасы. Жастар. Жасампаздық» атты ҚР Тұңғыш Президенті кітапханасының жылжымалы ақпараттық-имидждік жобасының салтанатты ашылуы болып өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, студенттер мен университет оқытушылары қатысты.



Шара аясында ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов және Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдарының докторы Әмірхан Рахымжанов алғы сөз сөйледі. Жылжымалы ақпараттық-имидждік жоба Елбасының жасампаздық-шығармашылық идеялары мен бастамаларын танымал етуге, кең жұртшылықты көрсетуге және бірегей қорларды насихаттауға, экскурсияларды ұйымдастыру әдістерін дамытуға бағытталып, ҚР Тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың өмірі және қызметімен таныстырады.

Шара аясында ҚазҰУ алаңында Мемлекеттік күзет Президенттік оркестрі және ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің құрметті карауыл ротасы плац-концерт бағдарламасымен өнер көрсетті.

«Елбасы. Жастар. Жасампаздық.» жобасы аясында шара қонақтары мен студенттерге ҚазҰУ кітапханасында «Жастар – ұлт тірегі» атты ауқымды көрме ұйымдастырылды. Онда Елбасы кітапханасының мұрағат, мұражай және кітап қорынан алынған материалдар қойылды. Студенттер мен қонақтар Елбасының кездесулердегі тезистері мен қолжазбаларын, мемлекет және халықаралық ұйымдар басшыларымен жеке хат алысуларын, дипломатиялық сыйлықтарды және осы сынды

бірегей сирек кездесетін мұрағаттық материалдарды тамашалады.

А. Рахымжанов айтып өткендей, көшпелі экскурсиялар Қазақстанның көптеген облыстарында және шетелде өткізіледі. Олар халыққа Елбасының өмірбаянынан қызықты фактілермен, мұрағаттық құжаттармен және Тұңғыш Президенттің қызметі туралы фотоматериалдармен танысуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қалыптасу қадамдары туралы да сыр шертеді. Айта кету керек, көшпелі экскурсиялар мұражайда сирек қойылатын экспонаттарды көруге және сұрлеуге мүмкіндік береді.

Шара соңында ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларына жаһандық және аймақтық контекстегі жастар саясаты, Қазақстанның жастар саясаты стратегиясы тақырыбында панельдік дәріс өтті. Аудиторияның сұрақтарына жауап бере отырып, Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов Елбасы феномені – өскелең ұрпаққа адамгершілік бағыт беретініне де баса назар аударды. Сонымен қатар, дәріс барысында Елбасы туралы «Уақытпен сайланған» деректі фильмі көрсетілді.

Өз тілшімізден

ҮШ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМ

XII Астана экономикалық форумы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хамад бин Халифа университеті (Катар), «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлесе (АХҚО) исламдық қаржы саласындағы әріптестікке бағытталған өзара түсіністік туралы үш жақты меморандумға қол қойды.

Меморандумға қол қою рәсіміне АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов, Хамад бин Халифа университетінің президенті Ахмад Хасна және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов қатысты.

Бұл қадам әлемде қарқынды дамып келе жатқан исламдық қаржы саласының тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияда да қанат жаюына үлкен мүмкіндіктер береді. Ынтымақтастық жергілікті кадрлардың кәсібилігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында үздіксіз дамуға, сондай-ақ оқытушылар мен студенттер арасында академиялық алмасуға бағытталған. Басты мақсат – исламдық қаржы бойынша бірлескен білім беру мен ғылыми-зерттеу бастамаларын қалыптастыру мен дамытуға арналады.

Жалғасы 2-бетте

КАЗНУ – ЧЕМПИОН УНИВЕРСИАДЫ



КазНУ им. аль-Фараби по итогам промежуточных результатов досрочно стал Чемпионом X Летней юбилейной Универсиады – 2019.

Спортсмены университета продемонстрировали великолепные результаты в соревновании, которое стартовало 3 апреля и завершится 10 июня. В общем командном зачете они с большим отрывом вырвались вперед, опередив соперников, представляющих 60 высших учебных заведений Казахстана.

Всего на Универсиаде представлено 37 видов спорта, студенты КазНУ принимают участие в 30 из них. На сегодняшний день в копилке вуза 12 золотых, 6 серебряных и 3 бронзовые общекомандных медали. До конца соревнований спортсмены намерены получить высшие награды еще по 9 видам спорта.

Соб. корр.



Жалғасы. Басы 1-бетте

ҮШ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМ



құрылған посткөенестік елдер арасындағы бірегей Исламдық қаржы орталығы арқылы жалғасын табатынын жеткізді. Сондай-ақ шарифат талаптарын ескере отырып жұмыс істеуге қабілетті сапалы кадрлар даярлау мақсатында мамандарды сертификаттық оқыту мен бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін

күшейту жоспарланған.

ҚазҰУ еліміздің жетекші университеті ретінде исламдық қаржы бойынша білім қорын ұлттық деңгейде де, Орталық Азия аймағында да нығайтып, кеңінен таратуға мүдделі.

Өз тілшімізден

■ QYSQA-NUSQA

АІ-Farabi атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі Орталық Азиялық жарнама қауымдастығымен бірлесіп, «Management және marketin» кафедрасының ұйымдастыруымен «Тіімді коммуникациялық компаниялардың негізгі медиа-арналары» тақырыбында республикалық оқы семинарын өткізді.

Оқыту семинарының мақсаты студенттер мен оқытушыларды әлеуетті жұмыс берішшілер ұйымдарында қолданылатын заманауи медиа-технологиялармен таныстыру болды. Семинарда Қазақстандағы ең тиімді байланыс компанияларының өкілдері болды. Олар өз технологияларымен, ақпараттарымен және тәжірибесімен бөлісті: Dana Dáýlenbaeva - Орталықтың атқарышы директоры, Азиялық жарнама қауымдастығы; Аман Кәпанова - Media DDB Openices media-директоры; Алма Турсынова - Universal Mc Cann Kazakhstan бас директоры (Coca-Cola media агентігі) және Марина Бýзýбаева - TV Media Digital компаниясының директоры (Қазақстандағы GazPromMedia Digital компаниясының ресми серіктесі, Google компаниясының сертіфікатталған серіктесі). Тренингтік семинар іскерлік және мүдделі ортада өткізілді, студенттер мен мұғалімдерден оң нәтиже берді. Қатысушылар спикерлердің жоғары деңгейін және олар ұсынған ақпараттың маңыздылығын атап өтті. Семинар әлеуетті жұмыс берішшілермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастар үшін негіз қалады. Memorandumға қол қойы меті болды.

Экономика және бизнес жоғары мектебі

Marketin, logistika және мемлекеттік және жергілікті басқарудың 80-ге жýық студенті қатысқан «Тіімді коммуникациялық компаниялардың негізгі медиа-арналары» атты республикалық семинар-тренин шеңберінде викторина өткізілді.

Викторинаның жеңімпаздары «Қазақстандық logistika» кафедрасының 3 кýрс студенттері Аділбек Арауым, Қыатбекбаева Арайлым және Саатжанова Асел болды. Орталық Азиялық жарнама қауымдастығының атқарышы директоры Dana Dáýlenbaeva жеңімпаздарға сертіфікаттарды салтанатты түрде табыс етті. Кýялік іелері келесі Орталық Азия деңгейінде өтетін медиа-семинарға шақырылды күтýде.

«Қазақстан: заманауи әлем және дәстүрлер» атты халықаралық жазғы мектеп өз жұмысын бастады.

Бағдарлама концепсиясы – қазақ мәдениеті ерекшеліктерін оның тарихи дамуы үдерісінде танысып, зерттеп, Қазақстан және Болгария елдері арасында академиялық, ғылыми, мәдени байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында орталық орта қалыптастыру арқылы Қазақстан және қазақ мәдениеті тýрлы жағымды имиж қалыптастыру.

Жазғы мектепті ашқан профессор Алия Масалимова АІ-Farabi атындағы ҚазҰУ-дың QS-ғы орны, QS Stars халықаралық университеттер рейтингілері, «Академиялық ұқпал» BUU бағдарламасы бойынша жетістіктер, «АІ-Farabi smart university», «Үниверситет 4.0» концепсиялары, «Қайрымды қала азаматтарының қалыптастыру», «Rýhanı jańғырý» jobalaryның халықаралық деңгейде орындауы барысымен таныстырды. Kezdesýде география және табиғат пайдалану факультеті деканы, профессор Vitalı Sálnikov, biologia және biotechnologia факультеті деканы Zaiadan Bolathan және факультеттің ғылыми-инновациялық қызмет, халықаралық ынтымақтастық бойынша орынбасарлары, философия және саясаттану факультетінің оқытушылары мен қос диплом бағдарламасы бойынша білім алып жатқан магистранттар қатысты.

Жазғы мектеп шеңберінде 21 мамырда “Europe and Asia: Cultural Diplomacy and Geopolitics of the EU” қос дипломдық бағдарлама бойынша магистранттарының диссертациялық жұмыстары қорғалды.

Соб. корр.

Баспасөз қызметі

■ РЕКТОРАТ

БІЛІМ – БӘСЕКЕ ТҰТҚАСЫ

Кезекті ректорат мәжілісінде дәстүрге сай алғыр студенттер мен оқытушы профессор құрамының үздіктері марапатталып, күнтізбесіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

Атап айтар болсақ Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Таңсұлу Мұхитдинова 2018-2019 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындылары және жазғы семестрге дайындығы туралы хабарламасын оқыды. Сонымен қатар факультет декандарына 10.06.2019 ж. дейін жазғы семестрде қайта оқуға білім алушыларды уақытылы тіркеуді қамтамасыз ету; Үлгеріміне талдау жүргізу және факультеттердің ғылыми кеңестерінің отырысында сессия қорытындыларын талқылауды ұйымдастыру; Көп қарыздары бар мамандықтар бойынша үлгерімді арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу; Стипендияны тағайындау туралы бұйрықтарды уақытылы шығаруды қамтамасыз ету; Студент офисімен бірге білім алушыларды грантка ауыстыру үшін ҚР БҒМ-ге құжаттарды уақытылы ұсынды ұйымдастыру; Сессияны өткізу ережесін 2 және одан да көп рет бұзған білім алушыларды басқа жоғары оқу орындарына ауыстыруды мен оқудан шығаруды ұйымдастыру; Сессияны ұйымдастырудағы кемшіліктерге талдау жүргізу, жауапты тұлғаларға жазалау шараларын қолдану туралы айтылды.

Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев ОПК, кафедра меңгерушілері мен декандардың бос жұмыс орындарына жарияланған байқауда қанша бос жұмыс орыны ұсынылғандығын хабарлады. Аталмыш байқауда 325 бос жұмыс орны ұсынылған; 6-декан, 30-декан орынбасары, 38-кафедра меңгерушілері, 2-директор (ҚМЗ), 5-директор орынбасары (ҚМЗ), 30-профессор, 58-доценттер, 135-аға оқытушы, 21-оқытушылар.

Сондай-ақ ректорат мәжілісінде 2019 ҚР жоғары оқу орындарының ЖОО ПОҚ бас рейтингі көрсеткішіндегі –135 оқытушының – 69 (51,1%) Әл-Фараби атындағы ПОҚ-на тиесілі екендігі айтылды. Бұл дегеніміз оқытушы профессор құрамының ерең еңбегінің ерекше бағалануымен қатар университетімізде шынында да ұлағатты ұстаздардың білім беріп жатқандығының дәлелі.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

ОТКРЫТ ЦЕНТР ИСЛАМСКИХ ФИНАНСОВ



Проект реализован в сотрудничестве КазНУ им. аль-Фараби с Международным финансовым центром Астана (МФЦА) и Катарским Университетом Хамад Бин Халифа.

В церемонии открытия приняли участие ректор КазНУ Галымкаир Мутанов, президент Университета Хамад Бин Халифа доктор Ахмад Хасна, заместитель председателя Правления МФЦА Ернур Рысмагамбетов, представители финансовых институтов, преподаватели и студенты.

Уникальный Центр, оснащенный новейшей техникой и современным программным обеспечением, будет проводить обучение навыкам биржевого трейдинга, основам фундаментального и технического анализа, финансовой инженерии. Также будет возможность практического инвестирования денежных средств в желаемый рыночный сегмент и сотрудничества с крупнейшими биржами. Центр станет научно-образовательным кластером по исламским финансам.

В ходе мероприятия состоялся круглый стол на тему «Открываем возможности исламских финансов в Казахстане». Выступая, ректор КазНУ отметил, что подготовка высококвалифицированных кадров является одним из основных факторов роста инновационной экономики, и трехстороннее партнерство, которое официально закреплено в рамках Астанинского Экономического

Форума, безусловно, создаст фундамент для успешного и плодотворного сотрудничества.

«Партнерство с передовым вузом Казахстана является для нас большой честью. Считаю глубоко символичным то, открытие центра состоялось в священный месяц Рамадан. КазНУ – наш лучший партнер в продвижении исламского финансирования. Наша общая задача – развивать отношения, основанные на успехе и процветании. С радостью жду момента, когда мы поздравим наших первых выпускников», - сказал в приветственном слове доктор Ахмад Хасна.

Вуз ставит перед собой цель мультипликации знаний по исламским финансам как на национальном уровне, так и в международном масштабе. Повышение теоретической и практической финансовой грамотности по исламским финансам на базе университета будет способствовать активизации исламского банковского сектора, а так же увеличению числа субъектов биржевого трейдинга исламскими ценными бумагами.

Соб. корр.

МЫЗҒЫМАС ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Әулие Климент Охридский атындағы Софиялық университет ҚазҰУ-мен білім саласында әріптестікті нығайтуға ниетті. Бұл туралы ҚазҰУ басшылығы Болгария Республикасынан келген делегация құрамымен кездесу кезінде айтылды.

Ректор Ғалым Мұтанов делегация құрамын ҚазҰУ қызметімен егжей-тегжейлі таныстырып, университетіміз бүгінде Еуропаның көптеген ЖОО-ларымен берік байланыс орнатқандығын атап өтті.

«2015 жылы ҚазҰУ Охридский атындағы Софиялық университетімен бірлесе білім беру бағдарламасын әзірлеген. Биылғы жылы осы аталған бағдарлама аясында ҚазҰУ магистранттары диссертациялық жұмыстарын қорғап шықты. Қос университеттің ұйымдастыруымен «Қазақстан: заманауи әлем және дәстүрлер» атты халықаралық жазғы мектеп жұмыс жасап жатыр. Бұл өз кезегінде қос мемлекет арасында академиялық, ғылыми, мәдени байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында онтайлы орта қалыптастыру арқылы Қазақстан және қазақ мәдениеті туралы жағымды имидж қалыптастыруға бағытталған»,—деді философия және

саясаттану факультетінің деканы Алия Масалимова.

Өз кезегінде Охридский атындағы Софиялық университеттің өкілі Мария Стойчева София университетінің басты бағыттарын атап, болашақта Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны саналатын ҚазҰУ-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға үлкен қызығушылық танытты. Кездесу аясында тараптар алдағы уақытта көптеген бағыттар бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас орнату турасын талқылады. Атап айтар болсақ, координатор, тәлімгерлердің білімін шыңдау, бірлескен ғылыми жобалар жасау, әртүрлі бағдарламалар әзірлеу, тәжірибе алмасу бағыттары бойынша білім, ғылым саласын заманауи талаптарға сай дамыту мәселесіне ерекше мән берді.

Өз тілшімізден



ТАБЫСТЫ ЖҰМЫС

Таллин технологиялық университетінің профессоры, ғылым философиясының белгілі өкілі, Скопус базасына кіретін «Acta Baltica Historiae et Philosophiae Scientiarum» ғылыми журналының бас редакторы, философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының визит-профессоры Пеетер Муурсепп әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қызметін табысты аяқтады.



шараларына белсене қатысты. Пеетер Муурсепп VI Фараби оқуларында баяндама жасап, «Ұлы Даланың ұлы ойшылдары» секциясының модераторы болды және әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеуге арналған ғылыми жоба дайындады.

Факультет пен кафедра университетіміздегі мінсіз де жемісті қызметі үшін Пеетер Муурсеппке ризашылығын білдіреді және профессормен ынтымақтастықты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Философия кафедрасы

ЖАҢА БЕЛЕС

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытай Ғылым Академиясының академиктерімен кездесті.



«Дәрілік өсімдіктердің орталығының» шақыруымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қытай Халық Республикасының делегациясы келді. Yue JIAN - MIN (Shanghai Institute of Materia Medica, Institute, Chinese Academy of Sciences, China), AJIAIKEBAIER AISA (Xinjiang Technical Institute of Physics and Chemistry, Chinese Academy of Sciences), TU YONG - QIANG (Lanzhou University, China), Қытай ғылым Академиясының академиктерін ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.Бүркітбаев, химия және химиялық технология факультетінің деканы С.Ташибеков, биология және биотехнология факультетінің деканы Б.Заядан, «Дәрілік өсімдіктер орталығының» директоры Жәніс Жанар, органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Мун қарсы алды.

Кездесу барысында «Дәрілік өсімдіктер орталығымен» болашақ ынтымақтастық мәселесі талқыланды. Қытайдан инвестиция бөліну арқылы ғылыми-білім беру орталығын құру туралы шешім қабылданды. Орталықтың халықаралық жобаларды іске асыруына атсалысуы туралы шешім қабылданды. Бірінші проректор М. Бүркітбаев жана ғылыми-білім беру орталығының ашылу мерзімін 2019 жылдың қазан айына белгіледі. Сонымен қатар, табиғи қосылыстар химиясы саласындағы әлемнің жетекші ғалымдарының қатысуымен халықаралық конференция өткізу туралы шешім қабылданды.

Жиналыстан кейін Академик Yue JIAN - MIN химия және химиялық технология факультетінде «Дәрілік өсімдіктерден алынған табиғи өнімдердің химиясы және биоактивтілігі» атты дәріс оқыды.

Баспасөз қызметі

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Біріккен Араб әмірлігі Дипломатиялық академиясының профессоры Мухамад Олимаат иссапармен келді. Ол АҚШ-тың Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы сыртқы саяси зерттеулеріне, Қытайдың Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарына маманданған.

Кездесуге декандар мен декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, философия және саясаттану, шығыстану және халықаралық қатынастар кафедраларының оқытушылары, магистранттар мен докторанттар қатысты.

Философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Әлия Масалимова мәртебелі қонақты университеттің іс-шаралары, жетістіктерімен таныстырып, практикалық тәжірибесі мол, білімі мен тарихы терең факультеттерге бағытталған мамандықтардың маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында Дипломатиялық академиямен ынтымақтастық мәселелері мен келешегі талқыланып, академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыру көзделді.

Профессор қатысушыларды өзінің зерттеу жұмыстарының бағыттарымен таныстырды. БАӘ ғалымдарының Орталық Азия елдерін зерттеуге қызығушылығын, сондай-ақ, алдағы жылдары мамандандырылған мамандарға қажет арнайы ғылыми орталықтарды құру жоспарланып отырғандығын

жеткізді. Профессор өз сөзінде Қазақстан Республикасының БАӘ-дегі Елшілігі өте белсенді және еңбектерінің жемісті болғанын, елшілік рөлінің халықаралық қатынастарды орнатуда маңызды рөл атқаратындығын ерекше атап өтті.

Мухамад Олимаат Дипломатиялық академияда шетел азаматтарына, соның ішінде Қазақстан азаматтарының да оқу мүмкіндіктері бар екенін, қазіргі уақытта осы бағдарлама бойынша Қазақстанның 5 студенті оқып жатқандығын жеткізді.

Кездесу барысында Мухамад Олимаат Дипломатиялық академияда оқу және ғылыми тағылымдамадан өту туралы магистранттардың және докторанттардың сұрақтарына жауап берді.

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы құрметті қонақты Әл-Фараби ғылыми кітапханасы және мұражайының экспозицияларымен таныстырып, кампус-турын ұйымдастырды.

Философия және саясаттану факультеті

EDUCATION, REHABILITATION AND VOCATIONAL PROGRAMS

It looks like we need to update our viewpoints on women's education. We have just discussed the article on "Providing Access for the Most Vulnerable" published in "Bostonia", Winter-Spring 2019, p. 80. Then the Director of al-Farabi KazNU Data Processing Center, Dr. Zh. Mamykova called to ask us for assistance: she was in charge of hosting the Polish delegation that would meet the faculty and students on the topic of women's education and participation in research before the worldwide or European Forum on the same subject to be later, in November 2019. So two teachers of the Department of Molecular Biology and Genetics, Dr. A.I. Zhussupova and Dr. G.A. Shalakhmetova, have responded expressing their interest in attending that would-be meeting to be held today in the Red Hall of the Faculty for Mechanics and Math.

Getting back to the article in "Bostonia", Mrs. Lisa Williams has saved the lives of 230 girls and 14 boys by implementing extensive rehabilitation programs that she initiated in 1999 to prevent women's susceptibility to violence and criminal injustice. In 2005-2005 Lisa Williams succeeded in founding residential facilities for victims of sexual trafficking supplied with a special vocational training program. Now Lisa Williams is busy with organizing the funding of higher education scholarships for young women in extreme need. According to "Bostonia", her opinion has vastly changed in relation of effective and lasting impact to most vulnerable layers of our society. As for the visit of the Polish delegation in front of the international forum on women's education in Poland this November, we should confess that this issue goes beyond simple human parity and equal rights. In our opinion, women's higher education and getting involved in research means nowadays growing social security, decreasing beggary, risk of the crime, participation of women in criminal cases, reduced chance for the drug abuse, harassment, kidnapping as many other hot issues sadly being encountered both by the Western and Eastern societies. In short, safer life means free admission of the women to education and research.

Needless to note that there may be related objections from side of the men adherent to their own tradition opinion. However, there may be exclusions: in the Kazakh society women have had more freedom since ancient past comparing to neighboring communities thanks to wisdom of the men. Nonetheless, rather declarative claims for equal opportunities or gender parity are becoming a powerful tool towards solving as local and international problems. Together with providing food and financial support to people and countries in need it is critical to promote women's education, rehabilitation and vocational training programs nationally, regionally and internationally. No doubt that KazNU as the hearth of al-Farabi ideas on a smart city and virtuous citizens would develop such programs through the University 4.0 model advanced by the Rector Galymkhaiir M. Mutanov, via modern trends in communication technologies, language exchange, engineering, robotics, space exploration, natural sciences, life sciences, and humanities. Please, visit www.kaznu.kz website!

**Kulziya K. Shulembayeva and
Zaure G. Aytasheva**

The Department of Foreign Languages of al-Farabi Kazakh National University has held a traditional event called "Brighten the corner where you are!-2019" This year English teaching staff of Law School were responsible for handling such a notable and special event.

"The Brighten the Corner around you" spirit stands for the idea that every one of us is called on to do his best on any task so that we may obtain the highest outcome, does his best in a given duty, and develops his maximum potential in order to realize the highest vision that person can accomplish.

At present time Al-Farabi KasNU is implementing a new model "Smart University" which is based on the teachings of the great thinker Al-Farabi about a virtuous city. "Smart university" model is a new image and reputation of quality of our university where teaching staff and students work together towards the same global goal: to create an intellectual nation with strong knowledge and skills in the field of economics, science, culture, that will keep our graduates always demanded and competitive in the world market.

This year "Ainalangdy Nurlandir-2019" was dedicated to the celebration of the 85th jubilee of our university. In its nearly one century history, al-Farabi University of has remained dedicated to creating an academic home for the young generation of the Republic of Kazakhstan. Now we are proud that al-Farabi KazNU ranks 220th in the international QS World University Ranking and one of the top 50 most technologically advanced universities in the world according to the international organization Great Value Colleges and the top 200 "green" universities in the UI Green Metric Ranking of World Universities.

Abykenova Nassikhat and Amanbaeva Farida are master students of one of the leading national universities in the country Abai Kazakh National Pedagogical University, majoring in specialty "Translation studies", had a scientific internship in February 2019 at Al-Farabi Kazakh national university.

Their internship program included defining the theme of their master dissertation, discussion of the methods of doing research over their dissertation topics, work with literature, getting consultation from professors and since, they are future teachers, attend English classes conducted by department teachers.

The internship training started with the round table discussion of the scientific significance of Abykenova Nassikhat's and Alimbayeva Farida's research problem, the hypothesis they put forward, what kind of contribution their findings will make in the field of "Translation studies". Both of them work over very interesting topics: «Linguocultural and stylistic peculiarities of translation of children's poetry into English (based on the translation of the works by M.Alimbayev)» and «Features of direct and indirect translations of M.Auezov's works». The participants of the round table discussion exchanged their opinions on the problems of a national mentality which has always been one of the key aspects of direct and indirect translation problem. On completion of the internship time Abykenova Nassikhat and Amanbayeva Farida gave an internship training report on the work done. Their report ended with Thank you speech:

"We are happy to have internship at Al-Farabi Kazakh National University which is the top university in our country and the 220th among the top world universities according to QS rating agency. We have gained an unforgettable and

«AINALANGDY NURLANDIR-2019» was a great success!



"Brighten the Corner..." event was a great success! We have seen this from the performances of our students from all faculties and from the reaction of the audience. We thank and wish best of luck to all of our talented students who surprised us with their diverse capabilities apart from academic excellence. Namely Esbolat Marzhan with her song "Kazakhstanim alga", Saduakasova Dilnaz who read a poem written by M. Makataev "Ush Bakitim", Nurgalyim Malika and Tolegen Ayazhan with English song "Price Tag". We also thank students Sadubek Ernur, Kamalova Gulfan, and Bekzat for their song in German language and for creating special atmosphere which we believe entertained all audience with their inflammatory performance.

We believe that such events strongly contribute to fostering in young people's minds a sense of patriotism, awareness of belonging to the big nation of heroic people and responsibility for the future of their Motherland. Most importantly these kinds of events may have a huge impact on students' desire to learn foreign languages. Thus, "Ainalangdy Nurlandir" is the contribution of al-Farabi KazNU to the civil and spiritual and moral education of young people!

A.TILEGENOVA,
Foreign language department teacher;
A.MULDAGALIYEVA,
Foreign language department docent

WE WERE HAPPY TO HAVE INTERNSHIP AT AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY!



exciting experience. First of all, we were enchanted by the university campus, by the whole university atmosphere which contributes to learning and acquiring quality education. We have benefited a lot from our internship training. We attended the lectures and seminars given by professors of the Faculty of Philology and World Languages who are really talented and gifted scholars. It was an exciting experience to get acquainted with the professors and staff of the department. We have benefited a lot from attending lectures given by professors Dadebayev Z.H., Tarakov A., Musaly L., Kazybek G., Seydenova S. and Esenbekov T. who are famous for their works in Kazakh philology and problems of Translation studies. We have enriched our knowledge

and we have enriched our life! It was a wonderful time to make friends with al-Farabi university master students. Internship is a great way to gain fruitful experience and practice collaboration. We are grateful to our supervisors, department head Danel Almasbekovna, master students who helped us to have useful time in the walls of al-Farabi university. Thank you very much!"

Assel BAIELI,
*docent at the Department of Foreign Philology and
Translation Studies*

Prepared by A.A. MULDGALIYEVA

Бүгінде Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кезектен тыс сайлауға президенттікке кандидат ретінде тіркеуге ұсынылғандардың тізімін бекітті. Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясы өзінің арнайы қаулысымен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспарды бекітіп, баспасөзде жарияланды.

САЙЛАУ және ЗАҢ

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президентті сайлау жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Сайлауға, сайлануға, республикалық референдумға тек қана сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар ғана қатыспайды. Сайлауда дауыс жасырын беріледі. Республикалық Конституциясы бойынша сайлаушылардың өз еркін білдіруіне бақылау жасауға жол берілмейді. Мұндай әрекеттер заң бойынша, оның ішінде қылмыстық құқықтық нормалар арқылы да жазаланады (ҚК-тің 150 – бабы).



ҚК-нің 151-бабының 2 бөлігі бойынша сараланады.

Дауыс беру құпиялығын бұзуға: сайлаушының дауыс беру бюллетенін арнаулы бөлмеде толтыруына кедергі жасау; сайлауды, референдумды арнайы жабдықталмаған кабинеттерде өткізу; дауыс берушіні анықтау үшін сайлау бюллетеніне белгі қою; тағы сол сияқты сайлауды өткізу заңына қайшы әрекеттер жатады. Қылмыс құрамы формальдык. Осы жоғарыда көрсетілген әрекеттердің біреуін істемеу қылмыстың аяқталғанын білдіреді.

Осы бапта көрсетілген қылмыс субъективтік жағынан алғанда тікелей қасақаналықпен жасалады. Кінәлі адам, Қылмыстық Кодекстің 151-бабының 1 және 2 бөлігінде көрсетілген заңсыз әрекеттердің кез келгенін заңсыз жасайтынын сезеді және соларды жүзеге асыруды тілейді.

